

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (медициналық техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 796 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 қыркүйекте № 29611 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысы 15-тармағының 144) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (медициналық техниканы) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі*

Р. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2022 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 796 Бұйрығымен
бекітілген

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (медициналық техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (медициналық техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің медициналық техникасын пайдалануды ұйымдастыруды нақтылайды.

2. Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) медициналық техника – функционалдық мақсатына және өндіруші белгілеген пайдалану сипаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін жеке немесе өзара үйлесімділікте қолданылатын аппараттар, аспаптар, жабдық, кешендер, жүйелер;

2) әскери мүлікті (медициналық техниканы) пайдалану – оларды пайдалануға беру, дайындау, жоспарлау және мақсаты бойынша пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу, сақтау, есепке алу, беру және техникалық жағдайды бақылау, тасымалдау жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтитын мүліктің пайдаланылу циклінің кезеңі;

3) медициналық техникаға техникалық (сервистік) қызмет көрсету – медициналық бұйымды мақсаты бойынша пайдалану кезінде оның ақаусыздығы мен жұмыс қабілеттілігін қолдау және қалпына келтіру бойынша нормативтік және пайдалану құжаттамасымен регламенттелген, оның ішінде қашықтықтан (мамандандырылған бағдарламалар мен жабдықтарды пайдалана отырып, онлайн режимінде, баркодпен немесе өзге де әдіспен сәйкестендірілген деректерді беру арнасымен) іс-шаралар мен операциялар кешені;

4) әскери мүлік санаты – әскери мүлікті дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ жөндеуді қажет ететін әскери мүлікті тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп тану мақсатында, қорда сақтаудың кепілді мерзімін өткерген әскери мүліктің техникалық және сапалық жай-күйін айқындауға арналған мүліктің шартты есептік сипаттамасы;

5) жұмыс атқарымы – медициналық мүліктің жұмыс істеу немесе пайдалану ұзақтығы немесе медициналық техниканың жұмыс көлемі;

6) жөндеуаралық ресурс – пайдалану басталғаннан бастап бірінші орташа жөндеуге дейінгі немесе кейінгі жөндеу арасындағы медициналық техниканың жұмыс атқарымы;

7) ақаусыздығы – тиісті құжаттамада белгіленген барлық талаптарға сәйкес келетін медициналық техниканың жай-күйі;

8) жұмыс қабілеттілігі – берілген параметрлердің мәнін тиісті құжаттамада белгіленген шектерде сақтай отырып, оған арналған функцияларды орындауға қабілетті медициналық мүліктің жай-күйі;

9) жабдықтық қызметі - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін оған жүктелген функцияларға сәйкес медициналық техникамен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымдық бөлімшесі. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі жабдықтық қызметі Бас әскери-медициналық басқарма (бұдан әрі – БӘМБ) болып табылады;

10) медициналық техниканы сақтау – пайдалану кезеңі, бұл ретте ол белгілі бір уақыт аралығында пайдаланылмайды, ал оның тұрақты жауынгерлік әзірлігі сыртқы ортаның қолайсыз факторларының әсерінен қорғау тәсілдері мен құралдарын қолдану және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешенін орындау есебінен сақталады;

11) кепілді жұмыс атқарымы – медициналық техника үлгісінің жұмыс атқарымы, ол аяқталғанға дейін жасаушы пайдалану нормалары мен қағидалары сақталған жағдайда үлгінің пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді;

12) тағайындалған ресурс – медициналық техника үлгісінің жұмыс атқарымы, оған қол жеткізген кезде үлгінің жай-күйіне қарамастан пайдалану тоқтатылуға тиіс;

13) төмендетілмейтін ресурс – белгіленген медициналық техника үшін жұмыс атқарымының барынша аз жол берілетін қоры;

14) қызмет мерзімі (техникалық ресурс) – медициналық техниканың пайдалану кезеңдерінен, сондай-ақ осы Нұсқаулықта, сондай-ақ пайдалану құжаттамасында көзделген ақаусыздықты, жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешенінен қауіпсіздік талаптарының жойылмайтын бұзылуынан немесе ақаусыздық пен жұмыс қабілеттілігі деңгейінің жол берілетін деңгейден төмендеуінен оны пайдалану тоқтатылуы тиіс медициналық мүліктің жай-күйі басталғанға дейін өтуі;

15) медициналық техниканы жөндеу – әскери мүліктің немесе оның құрамдас бөліктерінің ақаусыздығын, жұмыс қабілеттілігін, техникалық ресурсын қалпына келтіру жөніндегі операциялар (жұмыс) кешені, бұл ретте жөндеудің мынадай түрлері белгіленеді: ағымдағы, орташа, күрделі және регламенттелген;

16) медициналық бұйымдардың медициналық техникасын есептен шығару – техникалық жай-күй актісін құжаттамалық ресімдеу және оларды есептен шығару туралы шешім қабылдау.

3. Медициналық техниканы монтаждауды, жөндеуді, оларға техникалық және метрологиялық қызмет көрсетуді "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыстарды орындауға құқығы бар жеке немесе заңды тұлғалар жүзеге асырады.

4. Медициналық техниканы жөндеуді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери-медициналық мекемелерінің медициналық техниканы жөндеу жөніндегі мамандары және/немесе медициналық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі өзге де ұйымдардың (кәсіпорындардың) мамандары жүзеге асырады.

2-тарау. Медициналық техниканы пайдалануды жоспарлау

5. Медициналық техникаларды пайдалануды жоспарлау медициналық мекемелерде (бөлімшелерде) жүзеге асырылады.

Медициналық техниканы пайдалануды жоспарлау техникалық (сервистік) қызмет көрсетуді, жөндеуді, монтаждауды, іске қосу-жөндеу жұмыстарын, өлшеу құралдарын

және медициналық мақсаттағы өлшеу құралдарын салыстырып тексеруді (жөндеуді) жоспарлауды қамтиды.

6. Жоспарлау кезінде мыналар әзірленеді:

1) әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерде медициналық техниканы пайдалану жоспары осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді;

2) медициналық техникаларға техникалық (сервистік) қызмет көрсету кестесі осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді;

3) әскери бөлімде (мекемеде) медициналық бұйымдарға техникалық (сервистік) қызмет көрсетуге және жөндеуге өтінім осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі;

7. Медициналық техникаларды пайдаланудың жылдық жоспарына кіретіндер:

1) медицина қызметі басқару органының өндірістік тапсырманы (жұмыстарды) орындауға нұсқаулары;

2) медициналық техникалардың болуы және техникалық жай-күйі туралы деректер;

3) медициналық техникаларға техникалық (сервистік) қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған уақыт нормалары;

4) медициналық техникаларды техникалық (сервистік) қызмет көрсетудің кезенділігі туралы деректер;

5) медициналық техникаларды пайдалану мерзімдері;

6) қол сұғылмайтын қордағы медициналық техникаларға техникалық қызмет көрсетуге қажеттіліктің есебі;

7) медициналық техникаларға техникалық (сервистік) қызмет көрсетуді және жөндеуді орындау бойынша жөндеу бөлімшелерінің мүмкіндіктері туралы деректер;

8) медициналық техникаларды монтаждауға және іске қосу-реттеу жұмысын жүргізуге қажеттілікті есептеу;

9) жүргізілетін ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар болып табылады.

8. Әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық техникаларына техникалық (сервистік) қызмет көрсету кестесі медициналық бұйымдарды (шеберхананың өндірістік қызметін) пайдаланудың жылдық жоспарының бөлімі негізінде жасалады, осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

9. Техникалық (сервистік) қызмет көрсетуді және жөндеуді жүргізуге өтінімді:

1) штаттық жөндеу бөлімшелері бар әскери бөлімдер (мекемелер) – өз күшімен және құралдарымен қызмет көрсетілмеген (жөнделмеген) медициналық бұйымдарға;

2) штаттық жөндеу бөлімшелері жоқ әскери бөлімдер (мекемелер) – техникалық (сервистік) қызмет көрсетуді және жөндеуді талап ететін барлық медициналық бұйымдарға жасайды.

10. Медициналық бұйымдарға техникалық (сервистік) қызмет көрсету мен жөндеу жүргізуге өтінім екі данада жасалады. Өтінімнің бір данасын әскери бөлімдер (

мекемелер) әскер (күш) түрінің, тегінің, өңірлік қолбасшылықтың медицина қызметіне ұсынады.

11. Әскер түрінің, тегінің, өңірлік қолбасшылықтың медицина қызметінде, орталық бағыныстағы медициналық мекемеде жыл сайын ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін штаттық және штаттан тыс жөндеу бөлімшелерінің күшімен және құралдарымен медициналық бұйымдарға техникалық (сервистік) қызмет көрсету және жөндеу жүргізу мүмкіндігіне талдау жүргізіледі.

Жүргізілген талдау негізінде жөндеу бөлімшелеріне жұмыстың жылдық көлемі айқындалады, осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоспарланатын жылға бағынысты әскери бөлімдердің (мекемелердің) медициналық бұйымдарына техникалық (сервистік) қызмет көрсету және оларды жөндеу кестесі жасалады.

12. Әскер түрінің, тегінің, өңірлік қолбасшылықтың медицина қызметінде, орталық бағыныстағы медициналық мекемелерде дербес жөндеу бөлімшелерінің жөндеуі және қызмет көрсетуі мүмкін емес болатын медициналық бұйымдарға осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес өтінім жасалады, ол жабдықталым қызметіне ұсынылады. Сонымен қатар, өтінімге медициналық техниканы жөндеу тобының мамандарын және жеткізуші фирмалардың өкілдерін тартуды талап ететін монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізуге арналған жұмыстар енгізіледі.

13. Медицина қызметінде медициналық техниканы жөндеу тобы мамандарының күшімен және құралдарымен медициналық бұйымдарға техникалық (сервистік) қызмет көрсету және жөндеу жүргізу мүмкіндігіне талдау жүргізіледі.

14. Жөндеу бөлімшелері жоқ орталық бағыныстағы әскери бөлімдер (мекемелер) жабдықталым қызметі бастығының нұсқауымен медициналық техниканы жөндеу тобының мамандарына бекітіліп беріледі немесе техникалық (сервистік) қызмет көрсетуге (қызмет көрсетуге) шарт жасалады.

3-тарау. Медициналық бұйымдарды пайдалануға енгізу және әскери бөлімге (медициналық мекемеге) беру

15. Әскери бөлім мен медициналық мекемені медициналық бұйымдармен жабдықтау кезінде қабылданған үлгілер бөлімшелер бойынша бөлінеді және пайдалануға енгізіледі. Медициналық бұйымдардың формулярларына (паспорттарына) осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізіледі.

16. Жеткізушіден (өндірушіден) медициналық жабдықты және/немесе жекелеген жиынтықтауыштарды (бұдан әрі – бұйымдар) қабылдау жасалған шарттарға сәйкес және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 29 шілдедегі бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қаржы және шаруашылық қызметті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес ҚР ҚК жабдықталым органының нарядтары негізінде әскери бөлімдер мен мекемелердің қоймаларынан жүргізіледі № 399 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

15598 болып тіркелген) (бұдан әрі – және олардың техникалық ақаусыздығын тіркейтін пайдалануға берумен аяқталады.

17. Медициналық бұйымдарды пайдалануға енгізуді әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) медициналық бұйымдарды пайдалану көзделетін бөлімшелердің лауазымды адамдарын, сондай-ақ инженерлік-техникалық персоналды тарта отырып ұйымдастырады.

Медициналық бұйымдарды пайдалануға енгізу: орнатылатын үй-жайды (орынды) дайындауды, медициналық бұйымдарды қабылдауды және олардың жиынтықтылығын тексеруді, пайдалану және нормативтік-техникалық құжаттаманы зерделеуді, монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізуді, функционалдық сынауды (жұмыс қабілеттілігін тексеруді), медициналық бұйымды пайдаланатын персоналмен нұсқаулық-әдістемелік сабақтар өткізуді, оны жауапты адамға бекітіп беруді қамтиды.

Әскери бөлімге (мекемеге) келіп түскен медициналық бұйым барынша қысқа мерзімде, бірақ дайындаушы зауыт тиеп жөнелткен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей пайдалануға енгізіледі.

18. Әскери бөлім (мекеме) өлшеу құралдарын қабылдаған кезде, егер өлшеу құралдары көрсеткіштерінің дұрыстығына күмән болса, олар тексеруге жатады.

Паспортқа жүргізілген орташа және күрделі жөндеу және пайдалану мерзімін ұзарту туралы деректер енгізіледі және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

19. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру, электр қуаты жабдығын қорғау құралдарын сынау, қазандық қадағалау объектілері мен электр қондырғыларын техникалық куәландыру нәтижелері паспортқа енгізіледі және салыстырып тексерушілердің мөрлерімен (мөртаңбасымен) расталады.

4-тарау. Медициналық техникаларды әртүрлі климаттық жағдайда пайдалану

20. Медициналық техникаларға маусымдық қызмет көрсету жылына екі рет жоғары тұрған қолбасшылық белгілейтін мерзімде жазғы немесе қысқы пайдалану кезеңіне дайындау кезінде жүргізіледі.

Медициналық техникаға маусымдық қызмет көрсетуді жүргізу кезінде әскери бөлімдегі жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру бөлім командирінің (мекеме басшысының) бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

21. Әскери бөлім (мекеме) командирінің бұйрығымен:

- 1) маусымдық қызмет көрсетуге жататын медициналық техниканың тізбесі;
- 2) медициналық техникаға маусымдық қызмет көрсетуді дайындау және өткізу туралы іс-шаралар;
- 3) әскери бөлім мен бөлімшелердің медициналық техникасын пайдаланудың маусымдық режиміне ауыстыру жоспары.

Әскери бөлімнің жеке құрамымен медициналық техникаға маусымдық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар басталғанға дейін маусымдық техникалық (сервистік)

қызмет көрсету технологиясы және қысқы (жазғы) пайдалану ерекшеліктері, қауіпсіздік шараларын сақтау, жазғы (қысқы) жағдайларда пайдалану ерекшеліктерімен байланысты әскери қызметшілердің қаза табуы мен мертігуінің алдын алу бойынша практикалық сабақтар жүргізіледі.

22. Әскери бөлімде (мекемелерде) техникаға маусымдық қызмет көрсету сапасын әскери бөлім (мекеме) командирі тағайындаған комиссия тексереді. Тексеру нәтижесі бойынша әскери бөлімде (мекемеде) медициналық техникалардың пайдалануға дайын болуы және жеке құрамды маусымдық пайдалануға жіберу туралы бұйрық шығарылады.

5-тарау. Техникалық (сервистік) қызмет көрсетілетін медициналық техникалар

23. Медициналық техникаларды пайдалану мен сақтау процесінде оған техникалық (сервистік) қызмет көрсету жүргізіледі. Техникалық (сервистік) қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың тізбесі нормативтік және пайдалану құжаттамасында айқындалған жұмыстарды қамтиды.

24. Медициналық техникаларға техникалық қызмет көрсету (күнделікті, кезекті нөмірлік, маусымдық және регламенттелген) осы Нұсқаулықта айқындалған ауқымда, мерзімде және жағдайда әскери мүлікті кезекті жоспарлы жөндеу арасында жүргізіледі.

25. Медициналық техникаларға техникалық қызмет көрсету техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізіледі.

Медициналық техниканы пайдалану мерзімін жасаушы зауыт белгілейді.

26. Бірнеше құрамдас бөліктен және жиынтықтаушы элементтен тұратын медициналық техникаларға техникалық (сервистік) қызмет көрсету кешенді, яғни орны мен уақыты бойынша біріктіріліп жүргізіледі.

27. Медициналық техникаларда техникалық (сервистік) қызмет көрсету түрі мен кезеңділігі оның негізгі құрамдас бөлігіне техникалық (сервистік) қызмет көрсету кезеңділігімен айқындалады. Негізгі құрамдас бөлік деп медициналық бұйымдар үлгісінің функционалдық мақсатын айқындайтын құрамдас бөлік түсініледі.

28. Медициналық мақсаттағы өлшеу құралдарына техникалық (сервистік) қызмет көрсету кезінде оларды мерзімді тексеру жүргізіледі. Өлшеу құралдарының тізбесі және оны жүргізу мерзімділігі техникалық құжаттамамен айқындалады.

29. Жөндеуге өтінімдер осы нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес немесе осы нұсқаулықтың 9-қосымшасына сәйкес акт-анықтамамен шығу кезінде жүзеге асырылады.

Әскери бөлімнің (мекеменің) штаттық жөндеу бөлімшесіне медициналық бөлімшелерден медициналық техниканы жөндеуге тапсыру жөндеуге өтінім негізінде жүргізіледі. Жөндеуге өтінім екі данада ресімделеді. Өтінімнің бірінші данасы жөндеу бөлімшесіне беріледі, ал екіншісі медициналық техниканы тапсырушыда қалады. Өтінім бір уақытта медициналық техниканы жөндеуден алуға негіз болып табылады.

30. Техникалық қызмет көрсету жүргізілгеннен кейін көшпелі жөндеу бригадалары қызмет көрсетілген (жөнделген) медициналық техниканың атауы мен санын, техникалық қызмет көрсету (жөндеу) нәтижесін, нақты еңбек шығынын, жұмсалған материал мен қосалқы бөлшек пен керек-жарақ санын көрсете отырып, акт-анықтама жасайды. Акт-анықтама екі данада жасалады және оған әскери бөлімнің (мекеменің) және көшпелі жөндеу тобының өкілдері қол қояды. Әскери бөлім (мекеме) өкілінің қолтаңбасы мөрмен расталады.

Жөндеу жұмысын барып орындау кезінде жұмыс аяқталғаннан кейін акт-анықтама жасалады, онда ақаулық сипаты, еңбек шығыны, жөндеу жұмысының түрі, сондай-ақ жұмсалған қосалқы бөлшек пен материал көрсетіледі. Акт-анықтама әскери бөлім (мекеме) және жөндеу бөлімшесі өкілдерінің қолы қойылып, екі данада жасалады. Қолтаңба мөрмен расталады. Акт-анықтаманың бір данасы әскери бөлімде (мекемеде) қалады, ал екіншісі жөндеу бөлімшесіне беріледі.

6-тарау. Медициналық бұйымдарды санаттау және жөндеу

31. Әскери мүлікті тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз немесе Қарулы Күштерде қорда кепілді сақтау мерзімі өткен деп тану үшін әскери мүлік пайдалану кезеңінен, сондай-ақ ақаусыздықты, қолданыс қабілетін және техникалық ресурсты қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешенінен өтуге тиіс. Осы кезеңде әскери мүлікке белгілі бір санат беріледі. Әскери мүлікті санатқа бөлу өлшемшарты осы Нұсқаулыққа 7-қосымшада келтірілген.

Әскери мүлікке санат беру үшін әскери бөлім командирінің (мемлекеттік мекеме басшысының) бұйрығымен комиссия (бұдан әрі – бөлім комиссиясы) тағайындалады, оның құрамына бөлім командирі орынбасарларының бірі (комиссия төрағасы), тиісті қызмет бастығы немесе оның міндетін атқаратын адам, сондай-ақ қаржы органының бастығы енгізіледі.

Бөлім комиссиясы өз жұмысында әскери мүлікті жан-жақты техникалық қарап-тексеруден өткізеді, тозу дәрежесі мен себебін анықтайды, өлшеу мен тексеру жүргізеді, оның санатын өзгерту үшін негіз болып табылатын ақауды және мүлікті мақсаты бойынша одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтайды, санатталуға тиіс мүліктің жай-күйі мен жиынтықтылығын растайды.

Медициналық техниканың техникалық жай-күйін анықтау кезінде бөлім комиссиясы осы Қағидаларды, сондай-ақ дайындаушы зауыт белгілеген пайдалану жөніндегі Нұсқаулықты басшылыққа алады.

Әскери бөлімге (мекемеге) келіп түскен жаңа медициналық мүлікті бөлім комиссиясы қабылдайды. Мүлікті қабылдау процесінде бөлім (мекеме) комиссиясы техникалық жай-күй актісін жасайды, онда шығарылған күні, мүліктің және оның құрамдасының зауыттық нөмірі, медициналық мүліктің жиынтықтылығы, ақаусыздығы, ол жасаушы зауытта шығарылған сәттен бастап атқарымы (сыналғаны) көрсетіледі.

32. Барлық көрсетілген параметрлер берілген мүліктің ілеспе құжаттарына сәйкес келген кезде оған бірінші санат беріледі.

33. Комиссия бөлімді қабылдағаннан кейін медициналық мүлік әскери бөлім (мекеме) есебіне қойылады және пайдалануға (қолдануға) беріледі және/немесе бөлім командирінің (мекеме басшысының) бұйрығымен сақтауға қойылады. Пайдалануға (қолдануға) берілгенге дейін мүлікті пайдалануға жол берілмейді.

34. Жасаушы зауыттың құжаттамасына сәйкес пайдалануға берілгенге дейін медициналық мүлікке техникалық (сервистік) қызмет көрсету және сынап көру жүзеге асырылады.

35. Мүлік дайындаушы зауыт белгілеген пайдалану (сақтау) қағидаларына сәйкес пайдаланылады (сақталады).

Пайдалану (сақтау) барысында мүлікті ақаусыз ұстау үшін оған техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

36. Медициналық бұйымдарды мынадай жөндеу түрлері бар: ағымдағы жөндеу, орташа жөндеу, күрделі жөндеу және регламенттелген жөндеу.

37. Ағымдағы жөндеу медициналық мүлік үлгісін қалпына келтіру немесе қолданыс қабілетін (жарамдылығын) қамтамасыз ету үшін орындалады және белгіленген номенклатураның жеке құрастыру бірлігінің шектеулі санын ауыстырудан немесе қалпына келтіруден тұрады. Ағымдағы жөндеу кезінде жеке тозған немесе бұзылған құрамдас бөлік, бөлшек, торап, агрегат, оның ішінде негізгі бір агрегат ауыстырылады, сондай-ақ бекітпе, реттеу, дәнекерлеу және жөндеу жұмысы орындалады.

38. Ағымдағы жөндеуді медициналық техниканы жөндеу тобының мамандары немесе әскери-медициналық бөлімдер мен мекемелерде медициналық бұйымдарды жөндеу жөніндегі мамандар жүргізеді.

Ағымдағы жөндеудің еңбек сыйымдылығы ақау (зақымдану) сипатына және медициналық мүлік үлгісінің жөндеу технологиясына байланысты. Ағымдағы жөндеу ақаулы агрегатты (бөлікті, торапты, бөлшекті) ауыстыру әдісімен жүзеге асырылады, оның еңбек сыйымдылығы негізінен ақаулы агрегатты (торапты) ауыстыру еңбек сыйымдылығымен айқындалады.

Кепілді атқарым немесе медициналық мүлікті сақтаудың кепілді мерзімінің 50 %-ті аяқталғаннан кейін бөлім комиссиясы мүлікті екінші санатқа ауыстырады, ол туралы бұйым формулярында (паспортында) көрсетіледі және бөлім командирі (мекеме басшысы) бекітетін техникалық жай-күйі және сапалық жай-күйінің өзгеру актісімен расталады.

39. Мүлікті пайдалану процесінде орташа жөндеуге дейінгі жөндеуаралық ресурс аяқталғаннан кейін мүлік орташа жөнделуге тиіс. Орташа жөндеу қажеттілігі туралы қорытындыны бөлім командирі (мекеме басшысы) бекітетін техникалық жай-күйі және

сапалық жай-күйінің өзгеруі актісімен бөлім комиссиясы ресімдейді, одан кейін мүлік үшінші санатқа ауыстырылады. Мүлікке орташа жөндеуге нарядты талап етуге өтініммен бірге бекітілген қорытынды тиісті жабдықтылым қызметіне жіберіледі.

40. Сонымен қатар, үшінші санат кепілді сақтау мерзімі өткен медициналық мүлікке беріледі, одан кейін ол сақтаудан алынуға және ағымдағы қамтамасыз етуге ауыстырылуға тиіс. Сақтаудан алу және ағымдағы қамтамасыз етуге ауыстыру қажеттілігі туралы қорытындыны бөлім командирі (мекеме басшысы) бекітетін бөлім комиссиясы техникалық жай-күй және сапалық жай-күйдің өзгеруі актісімен ресімдейді. Медициналық мүлікті сақтаудан алуға және оны ағымдағы қамтамасыз етуге ауыстыруға өтініммен бірге бекітілген қорытынды тиісті жабдықтылым қызметіне жіберіледі. Жабдықтылым қызметінің шешімімен көрсетілген медициналық мүлік сақтаудан алынады және Қарулы Күштерді қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

41. Дайындаушы зауыт белгілеген медициналық техниканы қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес кепілдік мерзімі өткеннен кейін медициналық мүлікті пайдалануға жол берілмейді. Одан әрі сақтау бесінші санатқа ауыстырылады және запаста сақтаудың кепілді мерзімдері өткен деп танылады.

42. Медициналық техниканы бесінші санатқа ауыстыруды бөлім комиссиясы жүзеге асырады, ол туралы бұйымдардың формулярларында (паспорттарында) көрсетіледі және медициналық бұйымдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген талаптарға сәйкес келген кезде бөлім командирі (мекеме басшысы) немесе оның ұсынуы бойынша жабдықтылым қызметінің басшысы бекітетін техникалық жай-күй және сапалық жай-күйдің өзгеруі актілерімен расталады.

43. Орташа жөндеу ақаусыздықты (қолданыс қабілетін) қалпына келтіру және құрастыру бірлігінің шектеулі номенклатурасын ауыстырумен немесе қалпына келтірумен және қалған ауыстырылмайтын немесе қалпына келтірілмейтін құрастыру бірлігінің техникалық жай-күйін міндетті түрде бақылаумен медициналық мүлік үлгісінің ресурсын ішінара қалпына келтіру үшін орындалады.

44. Орташа жөндеу медициналық мүлік үлгісін ішінара бөлшектеуді, әскери мүлік үлгісінің кемінде екі негізгі агрегатын, бірақ жартысынан көп емес ауыстыруды немесе күрделі жөндеуді, ауыстырылмайтын торап (бөлік, бөлшек) жай-күйін тексеруді және жөндеуді және барлық анықталған ақаулықты жоюды қамтиды.

45. Орташа жөндеу медициналық техниканың жөндеу тобы мамандарының күшімен орындалады.

Медициналық техника үлгісін орташа жөндеудің еңбек сыйымдылығы ауыстырылатын және жөнделетін агрегаттардың (бөліктердің, бөлшектердің, тораптардың) санына байланысты.

Әскери мүлікті пайдалану процесінде бірнеше орташа жөндеу жүргізіледі, оларды жүргізу мерзімдері мен тәртібі дайындаушы зауыт белгілеген медициналық техниканы қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда белгіленеді.

46. Орталық бағыныстағы әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық бөлімшесі медициналық бұйымды жөндеуге арналған өтінімді техникалық жай-күй актісімен бірге жабдықталым қызметіне ұсынады.

Орташа жөндеу жүргізілгеннен кейін мүлікті бөлім комиссиясы қабылдайды және ол екінші санатқа ауыстырылады, ол туралы бұйым формулярында (паспортында) көрсетіледі және бөлім командирі (мекеме басшысы) бекітетін техникалық жай-күйі және сапалық жай-күйінің өзгеру актісімен расталады.

47. Медициналық мүлікті пайдалану процесінде күрделі жөндеуге дейінгі жөндеуаралық ресурс өткеннен кейін мүлік күрделі жөнделуге тиіс.

48. Күрделі жөндеу үлгінің немесе агрегаттың ақаусыздығын және жөндеу аралық ресурсын қалпына келтіру үшін олардың барлық құрастыру бірліктерін, негізгілерін қоса, ауыстыра немесе қалпына келтіре отырып орындалады. Күрделі жөндеуден кейінгі жөндеуаралық ресурстың мәні дайындаушы зауыт белгілеген медициналық бұйымдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтармен белгіленеді.

49. Күрделі жөндеу қажеттілігі туралы қорытындыны бөлім комиссиясы техникалық жай-күйі және сапалық жай-күйінің өзгеруі актісімен ресімдейді, одан кейін мүлік төртінші санатқа ауыстырылады. Мүлікті күрделі жөндеуге нарядты талап етуге өтініммен бірге бекітілген қорытынды тиісті жабдықталым қызметіне жіберіледі.

50. Күрделі жөндеу медициналық мүлік үлгісін толық бөлшектеуді, оның барлық құрамдас бөлігін ақайлыққа жатқызуды, ауыстыруды немесе жөндеуді қамтиды.

51. Регламенттелген жөндеу ұзақ сақтауда тұрған медициналық мүліктің ақаусыздығы мен қолданыс қабілетін қалпына келтіру үшін арналған. Регламенттелген жөндеу медициналық мүліктің осы үлгісін күрделі жөндеу ауқымында орындалады

52. Әскери мүлікті пайдалану процесінде бірнеше күрделі жөндеу жүргізіледі, оларды жүргізу мерзімдері мен тәртібі дайындаушы зауыт белгілеген медициналық техниканы қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда белгіленеді.

53. Пайдалану процесінде орташа және күрделі жөндеу көзделмеген медициналық мүлікті осы Нұсқаулыққа 9-қосымшада жазылған санаттарға жатқызу өлшемшартына сәйкес бөлім (мекеме) комиссиясы бесінші санатқа ауыстырады, ол туралы бұйым формулярында (паспортында) көрсетіледі және бөлім командирінің (мекеме басшысының) өтініші бойынша бөлім командирі (мекеме басшысы) немесе жабдықталым қызметінің басшысы бекітетін техникалық жай-күй және сапалық жай-күйінің өзгеру актісімен расталады.

54. Күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін мүлікті бөлім комиссиясы екінші санат бойынша қабылдайды, ол туралы бұйымның формулярында (паспортында) көрсетіледі және бөлім командирі (мекеме басшысы) бекітетін қабылдау актісімен расталады.

55. 12-15 жылдан астам ұзақ сақтаудағы немесе осы кезең ішінде үзіліспен пайдаланылатын, бірақ күрделі жөндеуге дейін жөндеуаралық ресурсты игермеген медициналық техника техникалық жай-күйі тексерілуге жатады.

56. Медициналық техниканы әзірлегеннен кейін қызмет ету мерзімі (техникалық ресурс) бесінші санатқа ауыстырылады және тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп танылады. Әскери мүлікті бесінші санатқа ауыстыруды бөлімнің (мекеменің) комиссиясы жүзеге асырады, ол туралы бұйымдардың формулярларында (паспорттарында) көрсетіледі және медициналық бұйымдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген талаптарға сәйкес келген кезде бөлім командирі (мекеме басшысы) немесе оның ұсынуы бойынша жабдықтық қызметінің басшысы бекітетін техникалық жай-күй және сапалық жай-күйдің өзгеруі актілерімен расталады.

57. Қауіпсіздік талаптарының жойылмайтын бұзылуына немесе жарамдылығы мен жұмыс қабілеттілігі деңгейінің жол берілетін деңгейден төмендеуіне байланысты оны пайдалану тоқтатылуы тиіс медициналық техника жағдайы мерзімінен бұрын басталған кезде медициналық мүлікті жабдықтық қызметі комиссиясы бесінші санатқа ауыстырады. Осы медициналық техника тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп танылады, бұл туралы бұйымдардың формулярларында (паспорттарында) көрсетіледі және жабдықтық қызметінің басшысы бекітетін техникалық жай-күйі және сапалық жай-күйінің өзгеруі актілерімен расталады.

58. Тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп танылған немесе қорда кепілді сақтау мерзімі өткен әскери мүлік "Пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму және қайта өңдеу арқылы жою, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 қарашадағы № 832 қаулысына сәйкес берілуге, өткізілуге немесе кәдеге жаратылуға тиіс.

Медициналық техниканы жөндеу бөлімшесінің күшімен және құралдарымен жөндеу жүргізу мүмкін болмаған немесе жөндеу экономикалық тұрғыдан тиімсіз болған жағдайда, жөндеу бөлімшесінде осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес оның жарамсыздығы туралы анықтама ресімделеді.

7-тарау. Жылжымалы медициналық қондырғыларды сақтау

59. Жылжымалы медициналық қондырғы, медициналық және санитариялық техника құрғақ қоймада (қоймада, гаражда) сақталады.

Қысқа мерзімді сақтау кезінде медициналық және санитариялық техниканы сенімді консервациялау шартымен шатыр астына және ашық алаңда орналастыруға жол беріледі.

Ұзақ уақыт сақтауда тұрған (үш айдан астам) барлық медициналық және санитариялық техника консервацияланады.

60. Қоймалардың (қоймалардың, гараждардың) едені, қабырғалары мен төбесі тығыздалады. Қоймалардағы (қоймалардағы, гараждардағы) терезелер жылтыратылған және ашуға бейімделген.

61. Медициналық және санитариялық техника ашық алаңда сақталған кезде автомобиль дөңгелегі мен тіркеме шиналары күн сәулесінің әсер етуінен қорғау үшін тыспен, қалқанмен, күнқағармен жабылады.

62. Техниканы сақтауға арналған алаң өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ғимарат пен құрылыстан алыс жерде су баспайтын аумақта таңдалады. Алаң тегіс, суды ағызуға арналған шамалы еңіс (3% дейін), топырағы қатты немесе жабыны бар жер таңдалады. Таңдалған алаң тазартылады және суды ағызу үшін ойықтар қазылады.

63. Барлық сақтау жағдайларында медициналық және санитариялық техниканы автомобильдерде немесе тіркемелерде металл немесе ағаш ешкілерге (тұғырықтарға) орнатады. Автомобильдер мен тіркемелердің дөңгелектері еденнен (топырақтан) сексен сантиметрге көтеріліп, рессорларды түсіру үшін рамалар мен осьтердің арасына ағаш тіреулер қойылуы тиіс.

64. Үй-жайларды желдету сыртқы ауаның ылғалдылығы үй-жай ішіндегі ауадан төмен болған кезде құрғақ және таза ауа райында жүргізіледі. Жаңбыр, тұман кезінде, қатты жел, шаң мен құм болған кезде үй-жайларды желдетуге жол берілмейді, осы кезеңде терезелер мен есіктер жабық болуы керек.

65. Сақтау орындарын тексеру, кедергісіз кіру және шығу үшін олардың көлемі Медициналық және санитариялық техниканы еркін орналастыруға мүмкіндік беруі тиіс

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
мүлкін (медициналық
техникасын) пайдалануды
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
I-қосымша
Үлгі

Бекітемін

(лауазымы,

әскери атағы, қолы, тегі)

20__ жылғы " __ " _____

**20__ жылға арналған _____ (әскери бөлім, мекеме)
) медициналық бұйымдарын пайдалану жоспары**

1. Медициналық техникаға техникалық (сервистік) қызмет көрсету және жөндеу

Медициналық техника	Жоспар бойынша		Орындалды		Орындалу проценті	Ескертпе
	Саны	Еңбек шығыны, адам	Саны	Еңбек шығыны, адам		

Р/с №	Медициналық техника	жылы, пайдалануға енгізілген жылы	Өткізу кезеңділігі	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Еңбекшіны, адам	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

Келісілді:

Емдеу мекемесінің

бөлімшелер бастықтары:

медициналық техниканы

жөндеу шеберханасының бастығы

(медициналық техниканы жөндеу жөніндегі инженер)

_____ (әскери атағы, қолы, тегі)

Ескертпе: 5 – 16-бағандарда алымында жоспарланатын техникалық (сервистік) қызмет көрсету күні, бөлімінде – іс жүзінде техникалық (сервистік) қызмет көрсету күні және орындалған жұмыс түрі (ТҚ – техникалық (сервистік) қызмет көрсету, Ж – жөндеу) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
мүлкін (медициналық
техникасын) пайдалануды
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
3-қосымша
Үлгі

20 _____ жылға арналған _____ (әскери бөлім, мекеме) әскери бөлімінде (мекемесінде) медициналық техникаға техникалық (сервистік) қызмет көрсету жүргізуге өтінім

Р/с №	Медициналық техника	Өлшем бірлігі	Саны	Талап етіледі			Ескертпе
				техникалық қызмет көрсету	жөндеу	монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстары	
1	2	3	4	5	6	7	8

Әскер бөлім (мекеме) командирі (бастығы)

_____ (әскери атағы, қолы, тегі)

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
мүлкін (медициналық
техникасын) пайдалануды
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
4-қосымша

Бекітемін

(лауазымы,

әскери атағы, қолы, тегі, инициалдары)

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

20 ____ жылға арналған _____ (жөндеу
бөлімшесі) медициналық техникаға техникалық (сервистік) қызмет көрсету мен жөндеу
кестесі

Р/с №	Әскери бөлім (мекеме)	Медициналық техника	Саны	Жұмыс түрі	Жұмысты жүргізу мерзімі		Еңбек шығындары, адам	Тартылатын қосымша күштер мен құралдар	Жұмысты іс жүзінде жүргізу мерзімі, оның орындалғаны туралы актінің нөмірі
					басталуы	аяқталуы			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Бастық _____
(жөндеу бөлімшесі)

(әскери атағы, қолы, тегі)

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
мүлкін (медициналық
техникасын) пайдалануды
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
5-қосымша
Үлгі

Бекітемін

(лауазымы,

(әскери атағы, қолы, тегі және инициалдары)

20__ жылғы " __ " _____

Жоспарланған жылға арналған бағынысты әскери бөлімдердің (мекемелердің) медициналық бұйымына техникалық (сервистік) қызмет көрсету мен жөндеу кестесі

Әскери бөлім (мекеме)	Медициналық техника	Мыналарды талап ететін медициналық техника саны			Жұмысты орындау мерзімі	Жөндеу бөлімшесі	Орындалған ы туралы белгі, акт нөмірі
		техникалық қызмет көрсетуді	жөндеуді	монтаждауды			

_____ (лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі)

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (медициналық техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа
6-қосымша
Үлгі

_____ (аппараттың, аспаптың, қондырғының толық атауы)

_____ арналған

_____ (типі, моделі)

№ _____ паспорт

20__ жылғы

Бірінші беті

_____ (аппараттың, аспаптың,

_____ қондырғының толық атауы) _____

_____ арналған

_____ (типі, моделі)

№ _____ паспорт

Жасаушы зауыт: _____

Зауыт № _____

Шығарылған жылы _____

Паспорт жасалған күні _____

Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы)

М.О. _____ (әскери атағы,
қолы, тегі және инициалдары)

20__ жылығы " ____ " _____

Екінші бет

1. Техникалық сипаттама

1. Арналуы _____

2. Электр қауіпсіздік сыныбы _____

3. Қоректену желісінің кернеуі мен жиілігі: _____

_____ В _____ Гц _____

4. Тұтыну қуаты _____ В А

5. Рентген түтіктері, кенотрондар, радиошамдар: _____

(типі мен саны,

өлшемі)

6. Өлшеу аспаптары: _____

(типі, атауы, шәкілі мен орнату орны)

7. Жалпы массасы _____ килограмм

8. Қосымша деректер: _____

9. Паспортқа қоса берілетін техникалық құжаттама: _____

Үшінші бет

2. Пайдалану кезіндегі аппараттың қозғалысы және бекітілуі туралы мәліметтер Пайдалану кезіндегі аппарат қозғалысы туралы мәліметтер

Келіп түсті		Лауазымы, тегі және қолы	Жіберілді		Лауазымы, тегі және қолы
Қайдан	Бұйрықтың (нарядтың) нөмірі мен күні		Қайда	Бұйрықтың (нарядтың) нөмірі мен күні	

Төртінші бет

3. Пайдалану кезінде аппаратты бекіту туралы мәліметтер

Лауазымы	Адамның тегі	Бұйрықтың нөмірі мен күні		Қолы
		Тағайындау туралы	Босату туралы	

Бесінші – сегізінші бет

4. Жұмысты есепке алу

Ай	20__ жылғы		20__ жылғы		20__ жылғы		20__ жылғы	
	Ақарым, сағ.	Қолы	Атқарымы, сағ	Қолы	Атқарым, сағ	Қолы	Атқарым, сағ	Қолы
Қаңтар								
Ақпан								
Наурыз								
Сәуір								
Мамыр								
Маусым								
Шілде								
Тамыз								
Қыркүйек								
Қазан								
Қараша								
Желтоқсан								
Жиыны:								

Тоғызыншы – он бірінші бет

5. Тексеру және техникалық (сервистік) қызмет көрсету

Күні	Тексеру және техникалық (сервистік) қызмет көрсету нәтижелері. Анықталған ақаулықтар және оларды жою жөнінде қабылданған іс-шаралар	Лауазымы және қолы
------	---	--------------------

Он екінші бет

6. Жөндеу туралы мәліметтер

Жөндеуге келіп түскен күні	Жөндеу түрі	Жөндеу кезінде ауыстырылған негізгі бөлшектер мен тораптар	Жөндеуді аяқтау күні. Жөндеу жүргізген адамның қолы
----------------------------	-------------	--	---

Он үшінші бет

7. Қосалқы бөлшек, құрал мен керек-жарақ тізбесі

Р/с №	Атауы	Саны	Ескертпе
-------	-------	------	----------

Он төртінші бет

8. Қолда бар құнды металл туралы мәліметтер

Р/с №	Құнды металл	Элемент, торап, блок	Элементтердің, тораптардың, блоктардың саны	Бір элементтегі, тораптағы, блоктағы құнды металдың салмағы, г	Құнды металдың жалпы салмағы, г
----------	--------------	-------------------------	--	--	---------------------------------------

Жиыны:

_____ алтын
_____ күміс
_____ платина
_____ платина тобының металлдары

Он бесінші – он алтыншы бет

9. Ерекше белгілер

Он жетінші бет

Паспортты толтыру бойынша түсініктеме

1. Паспорт медициналық апараттың, аспаптың, қондырғының жұмысын, техникалық жай-күйі мен жөнделуін көрсететін құжат болып табылады.

2. Паспорт әскери бөлімде (мекемеде) техникалық құжаттама (зауыт паспорты, нұсқаулықтар және т.б.) негізінде толтырылады.

3. Медициналық техника үлгісі бекітілген адам паспортты дұрыс жүргізу және сақтау үшін жауапты болады. Паспорт бөлімше (кабинет) бастығында сақталады.

4. Паспорттағы жазба сиямен, ұқыпты және анық, өшірусіз және түзетусіз жазылады. Түзетулер сызылып, түсіндірме беріліп және расталуға тиіс.

5. 2-бөлім аппарат, аспап, қондырғы келіп түскен және оны басқа бөлімшеге беру кезінде толтырылады. Соңғы жағдайда, сондай-ақ медициналық техниканың үлгісін жөндеуге жөнелту кезінде міндетті түрде онымен паспорты бірге жіберіледі.

6. Аппараттың, аспаптың, қондырғының жұмыс уақыты оны пайдалануға жауапты персонал ай сайын енгізеді.

7. 4-тарау аппаратқа, аспапқа, қондырғыға тексеру және техникалық қызмет көрсету жүргізген тұлғамен толтырылады.

8. Аппаратты, аспапты, қондырғыны шеберханада (зауытта) жөндеу кезінде 5-тарауды техникалық бақылау бөлімінің инженері толтырады.

9. 6-тарау зауыттық жабдықтау ведомосы негізінде толтырылады. Ведомостар болмаған жағдайда 6-тарауға аппаратпен, аспаппен, қондырғымен бірге жиынтықтағы қосалқы бөлшектер, құралдар мен керек-жарақтар жазылады.

10. Жазбаға арналған парақтарды толық пайдаланған жағдайда паспортқа қосымша бет тігіледі.

11. Паспорт есептегі құжаттарды тіркеу кітабына тіркеледі.

12. Паспорттар осы қосымшаға 7 медициналық аппараттарға, аспаптарға, қондырғыларға басталады және жүргізіледі.

13. Аппаратты, аспапты, қондырғыны есептен шығару кезінде паспорт техникалық жай-күй актісіне қоса беріледі.

14. Паспортты жоғалтқан кезде немесе егер ол жарамсыз күйге келгенде телнұсқа басталады. Паспорттың телнұсқасына әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) қолы қойылады. Қол елтаңбалық мөрмен бекітіледі.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
мүлкін (медициналық
техникасын) пайдалануды
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
7-қосымша

Медициналық мүлікті санаттау

Медициналық техника, жабдық пен аппаратура	1-санат	2-санат	3-санат	4-санат	5-санат
Медициналық жылжымалы қондырғылар: автотаңу, далалық фармацевтикалық зертхана,					

жылжымалы сот-медициналық паталогоанатомиялық зерхана, автомобиль зертханасы, далалық медициналық зертхана, әскери медициналық зертхана, медициналық жылжымалы зертхана, дезинфекциялық - душ қондырғылары, автомобиль рентген қондырғысы	Жаңа, пайдалануда болмаған, сақтау мерзімі 5 жылға дейін, техникалық ақаусыз	Пайдалануда болған немесе жаңа сақтау мерзімі 5 жылдан жоғары, сондай-ақ орташа жөндеуден өткен, техникалық ақаусыз	Орташа жөндеуді қажет ететін немесе жаңа сақтау мерзімі 15 жылдан жоғары	Орташа жөндеуді қажет ететін немесе жаңа сақтау мерзімі 20 жылдан жоғары	Жарамсыз, қалпына келтіру мүмкін емес немесе мақсатқа сәйкес емес. Есептен шығаруға жатады
Медициналық эвакуациялау арнайы құралдары: санитариялық автомобиль, медициналық эвакуациялау автобусы, шынжыр табанды транспортер, жылжымалы стоматологиялық кабинет, жылжымалы рентгенологиялық кабинет	Жаңа, 3000 шақырымға дейін жүріп өткен немесе сақтау мерзімі 5 жылға дейінгі, техникалық ақаусыз	3000 шақырымнан астам жүріп өткен немесе сақтау мерзімі 5 жылдан астам, сондай-ақ орташа және күрделі жөндеуден өткен, техникалық ақаусыз	Орташа жөндеуді қажет ететін немесе жаңа сақтау мерзімі 15 жылдан жоғары	Күрделі жөндеуді қажет ететін немесе жаңа сақтау мерзімі 20 жылдан жоғары	Жарамсыз, қалпына келтіру мүмкін емес немесе мақсатқа сәйкес емес. Есептен шығаруға жатады
Тіркеме базасындағы дезинфекциялық-душ және стерилдеу қондырғысы. Медициналық рефрижератор.	Жаңа, 3000 шақырымға дейін жүріп өткен немесе сақтау мерзімі 5 жылға дейінгі, техникалық ақаусыз	3000 шақырымнан астам жүріп өткен немесе сақтау мерзімі 5 жылдан астам, сондай-ақ жөндеуден өткен, техникалық ақаусыз	Белгіленбейді	Орташа жөндеуді қажет ететін немесе жаңа сақтау мерзімі 20 жылдан жоғары	Жарамсыз, қалпына келтіру мүмкін емес немесе мақсатқа сәйкес емес. Есептен шығаруға жатады
Стерилдеуге, дезинфекциялауға арналған					

<p>стационарлық жабдық. Жалпы анестезия мен қарқынды терапияға арналған аппараттар мен аспаптар. Травматология мен механотерапияға арналған аппараттар мен аспаптар</p>	<p>Жаңа, пайдалануда болмаған, сақтау мерзімі 5 жылға дейін, техникалық ақаусыз</p>	<p>Пайдалануда болған немесе жаңа сақтау мерзімі 5 жылдан жоғары, сондай-ақ жөндеуден өткен, техникалық ақаусыз</p>	<p>Белгіленбейді</p>	<p>Орташа жөндеуді қажет ететін немесе жаңа сақтау мерзімі 20 жылдан жоғары</p>	<p>Жарамсыз, қалпына келтіру мүмкін емес немесе мақсатқа сәйкес емес. Есептен шығаруға жатады</p>
<p>Сәулелі диагностикалауға арналған стационарлық жабдықтар мен аппаратура (КТ, ЯМРТ рентген кондырғысы, УЗИ-аппаратура сы, жылжымалы рентген аппараты) . Функционалдық диагностикалауға арналған стационарлық жабдықтар мен аппаратура. Медициналық жиһаз бен жабдықтар. Оптикалық шынылар мен оправалар. Стоматологияға арналған стационарлық жабдықтар мен аппаратура. Физиотерапияға арналған аппараттар мен аспаптар. Дәріханалар, медициналық қоймаларға арналған аппараттар, аспаптар мен жабдықтар.</p>	<p>Жаңа, пайдалануда болмаған, техникалық ақаусыз</p>	<p>Пайдалануда болған немесе орташа жөндеуден өткен, техникалық ақаусыз</p>	<p>Белгіленбейді</p>	<p>Орташа жөндеуді қажет ететін немесе жаңа сақтау мерзімі 20 жылдан жоғары</p>	<p>Жарамсыз, қалпына келтіру мүмкін емес немесе мақсатқа сәйкес емес. Есептен</p>

Жалпы анестезия мен қарқынды терапияға арналған стационарлық аппараттар мен аспаптар. Травматология мен механотерапияға арналған аппараттар мен аспаптар. Зертханаға арналған стационарлық жабдықтар мен аппаратура. Салмақ өлшеу аспаптары					шығаруға жатады
Типтік жабдықтар, брезенттер, медициналық ыдыс, механикалық құралдар. Санитариялық-шаруашылық мүкәммал мүлкі	Жаңа, пайдалануда болмаған, техникалық ақаусыз	Пайдалануда болған немесе жөндеуден өткен, техникалық ақаусыз	Белгіленбейді	Орташа жөндеуді қажет ететін	Жарамсыз, қалпына келтіру мүмкін емес немесе мақсатқа сәйкес емес. Есептен шығаруға жатады

***Ескертпе:**

1. Техникалық құжаттарда жасаушы зауыт шекті пайдалану мерзімін көрсететін стационарлық жабдықтарды, аппаратуралар мен аспаптарды санаттау осы мерзімнің әрбір 1/5 бөлігінен кейін жүргізіледі.

2. Техникалық құжаттарда жасаушы зауыт шекті пайдалану мерзімін көрсетпейтін стационарлық жабдықтарды, аппаратуралар мен аспаптарды санаттау әрбір 12 айдан кейін жүргізіледі.

3. Санаттау кезінде медициналық мүлік пен техниканың құнын өзгерту қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4. Тіркеме-рефрижераторлар шанағына, дезинфекциялау және стерилдеу қондырғыларына, стационарлық медициналық жабдықтар мен аппаратураларға 3-санат белгіленбейді.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
мүлкін (медициналық
техникасын) пайдалануды

Медициналық техниканы жөндеуге арналған өтінім _____
_____ (атауы, зауыттық нөмірі) _____
_____ (медициналық бөлімше)

20 ____ жылғы " ____ " _____

1. Мынадай жабдыққа жөндеу жүргізуді сұраймын:

P/c №	Медициналық бұйым	Өлшем бірлігі	Зауыттық нөмірі, саны	Жиынтығы	Мерзімі		Жүргізілген жөндеу түрі	Еңбек шығыны, адам, сағ	Күні		Ескертпе
					шығарылған	істен шыққан			жөндеудің аяқталған	жөндеуден берілген	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Жиыны _____ жөндеуге қабылданды
(саны жазумен)

Тапсырған _____ Қабылдаған _____
(әскери атағы, қолы, тегі) (әскери атағы, қолы, тегі)

1. Осы өтініммен жөндеу шеберханасына тиесілі және жөндеу жүргізу кезінде жұмсалған қосалқы бөлшектердің және шығыс материалдарының саны мен атауы расталады.

P/c №	Қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдары	Типі (сызбасы, нөмірі)	Өлшем бірлігі	Саны	Медициналық бұйымның атауы, зауыттық нөмірі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Жиыны:

Жөндеу бөлімшесінің өкілі

_____ (әскери атағы, қолы, тегі)

_____ медициналық бұйым
(атауы, типі, зауыттық нөмірі)

тараптар ұйымдарымен жөндеуді (есептен шығаруды) қажет етеді.

Жөндеу бөлімшесінің бастығы

_____ (әскери атағы, қолы, тегі)

саны _____ медициналық бұйым (саны жазумен)

Берген _____

(әскери атағы, қолы, тегі, күні)

Қабылдаған _____

(әскери атағы, қолы, тегі, күні)

Өтінімді толтыру бойынша нұсқаулар

1. Өтінім әскери бөлімде (мекемеде) медициналық бұйымға жүргізілген жөндеуді есепке алу үшін арналған. Ол сонымен жұмсалған қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарын есепке алу үшін қызмет етеді.

2. 1-бөлімдегі 1 – 7-бағандар медициналық бұйымдарды жөндеуге тапсыратын бөлімшеде толтырылады. 4-бағанада зауыттық нөмірі немесе қабылданған бірліктің саны жазылады.

3. Жұмсалған материалды есепке алу кестесінде (2-тарау) 6-бағанда қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдары жұмсалған медициналық бұйымның типі мен зауыттық нөмірі көрсетіледі.

4. Әскери бөлімде (мекемеде) жөндеу мүмкін болмаған жағдайда өтінім медициналық бұйымдарды жөндеу органдарына жіберу үшін негіз болып табылады.

5. Өтінімдер нөмірленеді, тігіледі және жөндеу бөлімшесінде сақталады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
мүлкін (медициналық
техникасын) пайдалануды
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
9-қосымша
Үлгі

АНЫҚТАМА-АКТ 20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

Жөндеу шеберханасының өкілі _____

(әскери атағы, тегі және инициалдары)

_____ және _____

(әскери бөлім, мекеме атауы,

_____ өкілі

әскери атағы, тегі және инициалдары)

20 ____ жылғы " ____ " _____ – 20 жылғы " ____ " _____ кезеңінде

_____ (әскери бөлім, мекеме)

_____ тиесілі медициналық бұйымға техникалық (сервистік) қызмет көрсету, жөндеу жүргізілгені туралы жасады.

1. Медициналық техникаға техникалық (сервистік) қызмет көрсету

--	--	--	--	--	--	--	--

Медициналық техника	ТҚ тиесілі	Қызмет көрсетілді	Пайдалануға жарамды деп танылды	Жарамсыз деп танылды	Еңбек шығыны, адам, сағ.	Ескертпе
---------------------	------------	-------------------	---------------------------------	----------------------	--------------------------	----------

Жиыны _____ бірлік медициналық бұйымға қызмет көрсетілді.

2. Медициналық бұйымды жөндеу

Медициналық бұйым	Жөндеуге жатады	Ақаулық сипаты	Жөндеу түрі	Еңбек шығыны, адам, сағ	Жөнделді	Жөнделмеген медициналық бұйым саны	Ескертпе
-------------------	-----------------	----------------	-------------	-------------------------	----------	------------------------------------	----------

Жиын _____ бірлік медициналық техника жөнделді.

Осы анықтама-актімен жөндеу шеберханасына тиесілі және медициналық бұйымға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмысын жүргізу кезінде жұмсалған қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарының саны мен атауы расталады.

Материалдық құралдар	Типі (сызбасы, нөмірі)	Өлшем бірлігі	Саны	Ескертпе
----------------------	------------------------	---------------	------	----------

Өкіл

_____ (жөндеу бөлімшесі)

_____ (лауазымы, әскери атағы,

қолы, тегі)

20 ____ жылғы " ____ " _____

М.О.

Өкіл

_____ (әскери бөлім, мекеме)

_____ (лауазымы, әскери атағы,

қолы, тегі)

20 ____ жылғы " ____ " _____

М.О.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
мүлкін (медициналық
техникасын) пайдалануды
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
10-қосымша
Үлгі

_____ әскери бөлімінің (мекемесінің) командиріне (бастығына)

Медициналық бұйымның жарамсыздығы туралы анықтама

_____ әскери бөліміне тиесілі медициналық бұйым оған қойылған техникалық талаптарды қанағаттандырмағандықтан қолдануға жарамсыз деп танылды.

Медициналық бұйым	Зауыттық нөмірі	Жарамсыздық себебі
-------------------	-----------------	--------------------

Көрсетілген медициналық бұйым _____

(қолданылудан алынуға

және жөнделуге жіберілуге, белгіленген тәртіпте есептен шығарылуға)

_____ жатады.

Бастық _____
(жөндеу бөлімшесі)

(әскери атағы, қолы, тегі және
нишиалдары)

20 __ жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК